

2018 жылға мектепке дейінгі тәрбие мен оқытуға мемлекеттік білім беру тапсырысын, ата-ананың төлемақысының мөлшерін бекіту туралы

Күшін жойған

Батыс Қазақстан облысы Шыңғырлау ауданы әкімдігінің 2018 жылғы 15 ақпандағы № 54 қаулысы. Батыс Қазақстан облысының Әділет департаментінде 2018 жылғы 6 наурызда № 5081 болып тіркелді. Күші жойылды - Батыс Қазақстан облысы Шыңғырлау ауданы әкімдігінің 2019 жылғы 12 ақпандағы № 15 қаулысымен

Ескерту. Күші жойылды - Батыс Қазақстан облысы Шыңғырлау ауданы әкімдігінің 12.02.2019 № 15 қаулысымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі).

Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" және 2007 жылғы 27 шілдедегі "Білім туралы" Заңдарын басшылыққа алып, аудан әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Қосымшаға сәйкес 2018 жылға мектепке дейінгі тәрбие мен оқытуға мемлекеттік білім беру тапсырысы, ата-ананың төлемақысының мөлшері бекітілсін.

2. Шыңғырлау ауданы әкімдігінің 2017 жылғы 2 ақпандағы № 13 "2017 жылға мектепке дейінгі тәрбие мен оқытуға мемлекеттік білім беру тапсырысын, жан басына шаққандағы қаржыландыру және ата-ананың ақы төлеу мөлшерін бекіту туралы" (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 4696 тіркелген, 2017 жылғы 13 наурызда Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің эталондық бақылау банкінде жарияланған) қаулысының күші жойылды деп танылсын.

3. Шыңғырлау ауданы әкімі аппаратының персоналды басқару қызметі (кадр қызметі) және мемлекеттік-құқықтық жұмыстар бөлімі басшысы (М.Тасболатов) осы қаулының әділет органдарында мемлекеттік тіркелуін, Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің эталондық бақылау банкінде және бұқаралық ақпарат құралдарында оның ресми жариялануын қамтамасыз етсін.

4. Осы қаулының орындалуын бақылау аудан әкімінің орынбасары Е.Р.Тұрмағамбетовке жүктелсін.

5. Осы қаулы алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

2018 жылға мектепке дейінгі тәрбие мен оқытуға мемлекеттік білім беру тапсырысын, ата-ананың төлемақысының мөлшері

Мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту ұйымдарының әкімшілік аумақтық орналасуы	Мектепке дейінгі ұйымдарының атауы	Мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту ұйымдарының тәрбиеленушілер саны	Ай сайын тәрбиеленушіге мемлекеттік білім беру тапсырысы (теңге)	Мектепке дейінгі ұйымдар ата-ананың 1 айдағы ақы төлеу мөлшері (теңге)	
				3 жасқа дейін (көп емес)	3 жастан 7 жасқа дейін теңге (көп емес)
Бөбекжай (жергілікті бюджет)					
Шыңғырлау селосы	"Шыңғырлау ауданының Шыңғырлау ауылдық округі әкімінің аппараты" коммуналдық мемлекеттік мекемесінің "Айгөлек бөбекжайы" мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорны	52	29803	7500	8500
Тасмола ауылы	Шыңғырлау ауданы білім бөлімінің "Балауса бөбекжайы" мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорны	40	29623	7500	8500
Белогор ауылы	Шыңғырлау ауданы білім бөлімінің "Қарлығаш бөбекжайы" мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорны	25	45043	7500	8500
Шыңғырлау селосы	"Шыңғырлау ауданының Шыңғырлау ауылдық округі аппараты" коммуналдық мемлекеттік мекемесінің "Бөбек бөбекжайы" мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорны	60	28287	7500	8500
Лубен ауылы	Шыңғырлау ауданы әкімдігінің білім беру бөлімінің "Арай" бөбекжайы мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорны	40	32569	7500	8500
	"Шыңғырлау ауданының Шыңғырлау ауылдық округі әкімінің аппараты"				

Шыңғырлау селосы	коммуналдық мемлекеттік мекемесінің "Қызғалдақ бөбекжайы" мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорны	40	41122	7500	8500
Шыңғырлау ауылы	"Шыңғырлау ауданының Шыңғырлау ауылдық округі әкімінің аппараты" коммуналдық мемлекеттік мекемесінің "Балдырған бөбекжайы" мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорны	25	44550	7500	8500
Бөбекжай (республикалық бюджет)					
Шыңғырлау ауылы	"Шыңғырлау ауданының Шыңғырлау ауылдық округі әкімінің аппараты" коммуналдық мемлекеттік мекемесінің "Болашақ бөбекжайы" мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорны	290	21428	7500	8500